



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№29

(861)

23 шілде

2021 жыл

КЕСЕЛ

АУРУ «САТҚАНДАР»



КІМДІ АЛДАЙСЫҢ, ҚАРАҒЫМ?

Ақшаның жолында ардан аттау, ұяттан бөзу асқынып барады. Бұрын пара берудің де өзіндік жөн-жосығы болушы еді. Қазір шектен шыққан. Тіпті ауадан ақша жасауға дәнниккен құлар аурудан ақша табуға көшіпті. Біреулер екі жылдан бері дүниені есеңгіреткен індеттен тиынтауып жүр. «Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы» деген осы.

Алматыда ПТР-тест сатқан әуежай қызметкерлері ұсталды. Ақшаға құнықкандар басқа емес, ұшаққа жұкпалы сырқаты жоқ жолаушылардың мінуін қалағалауы тиіс жауапты тұлғалар боп шығыпты.


Екіншісі біріне теріс тест қорытындысын сатқандар — 28 бен 29 жастағы әйел мен ер адам. Жолаушыларды коронавирус жұқтыру қаупінен қорғаудың орнына, әуежайдың бірдей қызметкерлері тест саудасын қыздырған. Аурудың бар-жоғын

анықтайтын сынамадан өткен адамдардың құжатын ұрлап, оның үстінен ақша төлеген адамның атын жаздырған. Тест «саудагерлері» туристерге 15-20 шақты құжатты сатып үлгеріпті. Полиция екеуін қолма-қол ұстап абақтыға жапты. Жалған құжат жасап сатқаны үшін енді әрқайсысы 6 миллион теңге айыппұл арқалайды немесе бірнеше жылға бас бостандығынан айрылуы мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨКІНІШ

ОРҒА ЖЫҚҚАН ОНЛАЙН – МАХАББАТ



Елімізге танымал бір өнші виртуалды алаяқтың құрбаны болды. Әлеуметтік желі арқылы бір жас жігітпен танысып, олар онлайн түрде қарым-қатынас орнатқан. Ер адам оған сөзімін білдіріп, сеніміне кірген. Тіпті үйленуге уәде беріпті. Сөйтіп өнші қызды халықаралық платформа арқылы криптовалютаға қомақты ақша салуға көндірген.

(Жалғасы 3-бетте)

ИГІ ІС

Биыл Қызылорда мен еліміздің батыс өңірін қуаңшылық қысып тұр. Соның кесірінен мал қырыла бастады. Алыстағы ағайын шарасыздықтан қиналған шақта Сарыағаш тұрғыны Құрмет Талапқазы бей-жай қала алмады. 24 жастағы жігіт қолына шалғы алып, шөп шабуға кірісті. Осы игі бастамасын ол әлеуметтік желіде жариялап, көпшілікті қуаңшылық басқан аймаққа көмектесуге шақырды.

Құрметтің осы бастамасына оңтүстіктегі ағайын қолдау білдіріп, шөп шабуға жұмыла кірісті. Оның ішінде ерікті жастармен қоса, мекеме ұйымдардың да қызметкерлері бар. Олар жинаған шөпті жемшөптен тарығып отырған өңірлерге жіберді.

ҚҰРМЕТТІҢ БАСТАМАСЫ



Жас жігіттің бастамасына алғашқы болып үн қосқандардың бірі — Сарыағаштағы ерікті жастар. Орағын сайлап шыққан олар бір аптадан бері тынымсыз еңбек етуде. Еріктілер Шымкентке апарар күре жолдың бойындағы камыс пен құрақтарды орып, бір жерге жинады. Бастамаға коммуналдық мекемелер, жастар ресурстық орталығы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де атсалысуда. Ал аудандағы ірі шаруашылықтар игерусіз жатқан жердегі шабындықты техникамен орауда.

Одан бөлек, бастамашыл топтың есепшотына көмек ретінде ақша аударып жатқандар да баршылық.

Сарыағаш аудандық әкімдігі тасымалдауға дайын шөпті уақытша жинау үшін күре жолдың бойынан арнайы жер бөлді. Шымкент қаласы мен Төрткүл ауылы маңында да шөп сактайтын орын жасқаталуда. Еріктілер жиналған шөпті қуаңшылық болған аймақтарға пойыз немесе жүк көліктерімен жеткізіп беруге бекініп отыр.

Құрмет Талапқазы Шымкентте саудамен айналысады. Аштан қырылған мал туралы жаңалық ауыр тиген. Сондықтан ол дереу іске кірісуді ұйғарыпты.

Біз оның бастаған ісіне сәттілік тілеп, игі бастамасы жайлы айтып беруін сұрағанымызда, ел ішіндегі жаңалықты қалт етпей қарап отыратынын айтты. Ол: «Маңғыстаудағы жағдайды естігенде қатты қапаландым. Қолыма шалғы алып, шөп шабуды бастап кеттім. Қазір қатарымыз күннен-күнге көбейіп жатыр. Еліміздің басқа да өңірлері арнайы есепшот ашып, қаржылай көмек жиналуда. Ата-әжелер көзіне жас алып, алғысын жаудырып жатыр, батасын берді. Әрбір қазақ, өз елінің азаматы менің ісімді жасар еді. Қазір бәрін жиналып, көмектесуге шақырамын», — деді.

Құрметтің бастамасы бүкіл елді жұмылдыруға түрткі болды. Үкімет те бұл игі іске араласып, жиналған шөпті мұқтаж аймаққа тегін жеткізуге пәрмен берді.

Ерікті жігіт Маңғыстау, Қызылорда өңірін аралап, ол жақтағы жағдай туралы әлеуметтік желі арқылы хабардар етті. Еліміздің барлық аймағынан ерікті жастар жиналып, Құрметке қолдау көрсетуде.

(Жалғасы 8-бетте)

СҮЙІНШІ!

АСҚАҚТАЙ БЕР, РУХИЯ!

Беларусьтің Витебск қаласында өткен «Славян базары» халықаралық өнер фестивалінің бас жүлдесін жерлесіміз Рухия Байдүкенова жеңіп алды. Оның 5 октавалы дауысы мен орындау шеберлігі қазылар алқасын бей-жай қалдырмады. Доданың алғашқы кезеңінде-ақ Рухия ең көп ұпай жинап, алға суырылып шықты.

Талдықорғанның тумасы, 22 жастағы Рухия Байдүкенова бала кезден ән айтады. Қазір ол Қазақ ұлттық өнер университетінде «Эстрадалық вокал» мамандығы бойынша үшінші курста оқиды.

Байқаудың ең үздік орындаушысына жүлдені қазылар алқасының төрағасы Анатолий Ярмоленко тапсырды. Кезінде «Славян базарында» топ жарған әлемге әйгілі Димаш Құдайберген биылғы ән байқауында қазылар алқасының құрамында болды.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
72,09

DOLLAR
426,82

EURO
502

РУБЛЬ
5,74

JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

БИЛІК

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуал мәз емес. Күн өткен сайын коронавирус жұқтырғандар саны арта түсуде. Тәулігіне 5 мыңнан астам науқас тіркеледі. Денсаулық сақтау министрлігінің болжамы да көңіл көншітпейді. Осыған орай күні кеше эпидемиологиялық ахуал жөніндегі кеңес өткізілді. Онда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев түйткілді мәселелерге тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

«Тағы да қайталап айтамын, біздің негізгі мақсатымыз — вирустың таралуын тоқтату емес. Әлемдік тәжірибе мұның мүмкін емес екенін көрсетіп отыр. Ең бастысы — аса ауыр науқастардың көбеюін болдырмау, адам өмірін сақтау. Оның бір ғана жолы бар. Бұл — жаппай вакцинация, екпе салу», — деді Мемлекет басшысы.

Бүгінге дейін 2,8 млн адам вакцина салдырды. Бұл екпе салынуы тиіс 10 млн адамның 28 пайызы. Вакцинаның бірінші құрамын бес миллионға жуық адам алды

ВАКЦИНА ҚҰЖАТЫН САТУ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАТЕР ТӨНДІРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Біздің еліміз бұрын-соңды болмаған ахуалды бастан өткеруде. Коронавирустың жаңа толқыны өң жойқын болып отыр. Тек соңғы күндердің өзінде жүздеген азаматымыздан айырылып қалдық. Әр өңірде ауруханаға түскен науқастардың саны күрт көбейді. Жансақтау бөлімдерінің барлығы іске қосылды. Қосымша дәрі-дәрмек пен құрал-жабдық сатып алынды. Дәрігерлер және медицина қызметкерлері осы дертпен күресеміз деп әбден қажыды.

Еліміздің әр азаматына айтарым: денсаулықты сақтаңыздар, туған-туыстың, отбасының амандығын ойлаңыздар! Үкімет пен өңір басшылары белгіленген міндеттердің бәрін мінсіз атқаруы тиіс.

Коронавирус індеті бүкіл дүние жүзіне таралды. Сонымен қатар, әлемде техногендік және табиғи сипаттағы түрлі апаттар болып жатыр. Бірақ мұның бәрін қайсарлық пен жанашырлықтың, кәсіби біліктілік пен отаншылдықтың арқасында еңсеруге болады.

Біз барлық қиындықты ел болып, жұрт болып бірге жеңеміз деп сенемін».

(49 пайыз). Дегенмен өңір бойынша бұл көрсеткіш ала-құла. Мәселен, Шымкентте тұрғындардың 39 пайызы екпе жасатса, Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш 13 пайыздан аспайды.

Мемлекет басшысының айтуынша, пандемия аймақ басшылары үшін емтихан іспетті. Әкімдердің тең жартысы бұл емтиханды «үшке» тапсырды. Тәжтажалды еңсерудің бірден-бір жолы екпе десе, оған қарсы шығатындар



вакциналау науқанына кесірін тигізгені анық. Вакцинадан бас тарту себептері әр түрлі. Сондықтан барлық құралдардың көмегімен, соның ішінде әлеуметтік желі арқылы үгіттеу керек. Қазір Батыстағы кейбір елдер мәжбүрлеуге көшті. Мемлекет басшысы «ірі еңбек ұжымдарына қатысты болмаса, біз жаппай мәжбүрлеуге бара қоймаймыз» деп атап көрсетті.

«Бірақ ат төбеліндей антиваксерлердің кесірінен өзгелердің өмірі мен денсаулығына қатер төндіруге болмайды. Денсаулық сақтау министрлігі ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, аймақтарда тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізгені дұрыс. Антиваксердің кім екенін, олардың толық бет-бейнесін әшкерелеу керек. Құқық қорғау

органдары осыны қолға алысн. Себебі қазір конспирология мен мемлекетке қарсы іс-әрекет көп», — деді Мемлекет басшысы.

Екпе жасау қарқынын арттыру үшін вакцина жеткілікті болуы тиіс. Кейде аймақтарда вакцина жетіспей жатады. Осы орайда денсаулық сақтау министрлігі вакциналау қарқынын болжап, уақытында вакцинамен қамтамасыз етуі керек.

Президент айтып өткен тағы бір өзекті мәселе — вакцина құжатын сату. 16 шілдеге дейін 65 қылмыстық іс қозғалған. «Бұл — ауыр қылмыс. Сайып келгенде, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін құбылыс. Сондықтан ондай қылмысқа барғандардың жазасын ауырлатуды тапсырамын.

Вакциналау мәселесінде отандық бизнестің қолдауы қажет. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанға дейін бизнестен санитарлық шектеулерді толығымен алып тастау мүмкін емес. Ендігі кезде пандемия жағдайында өмір

сүріп, жұмыс істеуге бейімделуіміз керек», — деген Президент вирус жұқтырса да оқшауланбай, қыдырып жүретіндердің жауапсыздығы жазалануы керек екенін ескертті. Ендігі кезде карантин шектеуін сақтамағаны үшін талап күшейтіледі.



Сондай-ақ Ashyq қызметін жетілдіріп, оның жұмысына күнделікті мониторинг жасау маңызды. Оның тізіміне ену талабын барынша оңайлату керек. Мемлекет Ashyq және басқа да цифрлық құралдарды пайдаланушы бизнеске қолдау көрсетеді. Екінші жағынан, мұндай мониторинг талабын бұзушыларға қатаң жаза қолданады.

«Келесі мәселе — инфрақұрылымның дайындығы туралы. Жалпы атқарылған жұмыстың нәтижесі жаман емес. Бірнеше айдың ішінде жана инфекциялық ауруханалар салынды, қажетті құрал-жабдық сатып алынды, дәрі-дәрмек қоры жасакталды. Медицина қызметкерлерін де оқыттық. Енді осының бәрін дұрыс әрі тиімді пайдалану керек. Былтырғы жазда болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайды. Денсаулық сақтау

жүйесінің бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Өкінішке қарай, осы мәселеде олқылықтар аз емес. Менің тапсырмам бойынша, өңірдегі денсаулық сақтау нысандары тексерілді. Оның нәтижесі көңіл көншітпейді. Жаңадан салынған модульді жұқпалы аурулар орталықтары ғана стандарттарға сай келеді», — деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осындай деректерге қарамастан, аймақтар ауыр науқастарға арналған бөлімшелердің жақсы жабдықталғаны туралы рапорт беруде. Бұл әкімдіктер тарапынан бақылаудың жоқтығын немесе біршама әсірелеу бар екенін көрсетсе керек. Пандемия кезінде қолжетімді медициналық көмек азайды. Бұл ана өлімі, қан айналымы және өзге де аурудан болатын өлім-жітімнің көбеюіне әкелуде. Жоспарлы операциялар шегерілуде. Сондықтан пандемия жағдайында медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды.

Талап ТІЛЕГЕН

Үкімет ЖЕМ-ШӨП БАҒАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС

Жаздың жұты маусымда басталып, шілдеде күшіне мінді. Алда жаздың соңғы айы, одан кейін қара күз, сосын қытымыр қыс бар. Алты ай жазда қылтан шөп таба алмай тұлағы шыққан төрт түлік қыстан қалай шығады? Бұл түйткілді шешуге қазірден бастап кірісу қажет.

Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы еріктілер бастаған игі іс қазір бүкіл республиканы шарлап кетті. Сөйтіп Аралдағы апатта қалған, Маңғыстаудағы малы қырылған жұртқа



жасалған көмек жан-жақтан құйылып жатыр. Вагон-вагон шөп қуаншылықтан қысылған аймақтарға бағытталуда.

Осы аптада жұрт болып жұмылған іске үкімет те араласа бастады. «Қазақстан теміржолы» компаниясына Маңғыстау мен Қызылордаға жем-шөп тасымалдау үшін төмендетілген тариф белгілеуді ұсынды. Сонымен қатар үкімет басшысы өңірлерге жем-шөп дайындау жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Қазір аймақтарда жоспар айқындалып, ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан жедел штаб құрылған. Бүгінге дейін 11 млн тоннаға жуық шөп дайындалып үлгеріпті. Бұл жоспарлы жеженің 44 пайызы. Ал Асқар Мәмин жем-шөпті қолжетімді бағамен сатуды тапсырды. Ол үшін өндірушілермен және құрама жем зауыттарымен меморандум жасау қажет.

Премьер-Министр 200 мың тонна мал азығы дақылдарын форвардтық сатып алу мақсатында үкімет резервінен қаражат бөлу де тапсырма берді.



Өз тілшіміз

Әлеумет.т⁰

«АЛҒЫ ШЕПТЕГІ» ӘЙЕЛ

«Ана — бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген қазақтың ғажап сөзі бар. Бұл сөздің астарынан көп нәрсені ұғамыз. Ал қазір бесік тербетіп отырған кейбір аналарымыздың әрекетіне қарап, оларды «Ана» деген атқа лайық па деген ой келеді. Бүгінде түйткілді мәселе болса, шешімін шенеуніктерден сұрап, митингке шығатын жағдай көбейді. Ал осы митингтің алдыңғы шебінде ебіл-дебіл болып, нәзік жандылар жүреді. Соңғы кезде әлеуметтік мәселенің барлығын дерлік аналарымыз аркалап шығады. Үкімет пен құзырлы органдардың табалдырығын тоздырып жүрген де әйелдер. Сонда біздің елім дейтін ерлеріміз қайда қарап отыр? Әйелді алғы шепке шығарып қойып, мәселені шешу дұрыс емес. Жакында балалардың екпе егуіне қарсы шыққан бір топ әйел денсаулық министрлігі өкілдері мен еліміздің санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілін тоқпақтап, балағаттап, өздерінің ұсынысын жаға жырта жүріп жеткізген видеосы таралды. Ақыры мәселені көтеріп барған екен, ұрыссыз-ақ мәмілеге келуге болмас па еді! Қазақстан — зайырлы демократиялық ел. Ол жерде нәзік жандылардың ашуына тиіп, олардың соншалықты қол көтеруге дейін баруына не себеп болғанын білмейміз. Бірақ шенеуніктерді тоқпақтап, өздерінің «ана» деген атына кір келтірген әйелдердің әрекетін ұят дер едім. Қит етсе, шенеуніктің жағасына қол салып, жұдырық ала жүгірумен мәселе шешілмейді. Екі тарап бір-бірін тыңдап, пікір алмасып, мәмілеге келген сәтте ғана шешіледі.

Одан бөлек, «үй керек, күй керек» деген көпбалалы аналарымыз да әкімдіктің алдын тоздырып жүр. Соңғы кездері үлкен митинг болсын, жиын болсын, барлығында жүгіріп жүрген әйелдер. Тіпті бұл бір үрдіске айналып бара жатқандай. Кейде соларға қарап, біреу қолтығына су бүркіп, айдап сала ма деген ой келеді.

Қандай да бір мәселе туындаса, оны жауапты орындардан сұрағанымыз дұрыс. Әрине, айкай-шусыз. Төбелессіз. Әрбір әйел өзінің ана екенін ұмытпауы керек. Ал ана — өзінің баласы үшін, болашағы үшін жауапты. Шенеуніктерге қарсы шығып, өздерінің наразылығын білдірген әйелдердің өз балалары үшін барғанын да білеміз. Бірақ агрессиямен емес, сабырмен, саликалы жолмен шешсе дейміз. «Айкаймен алам» дейтін ана баласына қандай үлгі көрсетеді? Қандай тәрбие береді?

«Қазақ әйелінің барлығы ызақор, дөрекі» деп көпке топырақ шашудан аулақпын. Тек кейбір әйелдердің әрекетін құптамаймын. Жалаң ұран, «аттанмен» мәселе шешілмейді. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» дейтін нақыл бар. Ал сол бесікті тербетіп қана қоймай, түзейтін де аналар. Ана — ұлттың айнасы. Сондықтан әрбір нәзік жандыға айтарым, «Ана» деген ұлы атқа лайық болып, кір келтірмейік!

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Биз еліміздің егемендігін жариялап, өз алдына дербес мемлекет атанғанына 30 жыл толады. Осы айтулы мерекеге орай түрлі іс-шаралар өтіп жатыр. Қасиетті де, қастерлі саналатын Тәуелсіздігіміздің тұңғырлы болуы бәрінен де маңызды.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚ

Күні кеше ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан Байманов «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындалғанын айтты. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 30 грант тағайындалып, әр сала бойынша жастарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету мақсатында қолға алынған жоба жыл сайын жалғасын таба бермек. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы шеңберінде түрлі іс-шаралар мен тың идеялар мен жобаларды іске асыру бағытындағы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына 14 жастан асқан 29 жасқа дейінгі кез келген жас талант өзінің еңбегін ұсына алады.

30 жылдықты мерекелеу аясындағы «Ғылым», «Мәдениет», «Бизнес», «Ақпараттық технологиялар», «Медиа» бағыты бойынша өрістейтін конкурсқа қатысушылардың арасында грантка ие болғандардың тың идеялары іске асады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылдың қантар айында жарық көрген «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» мақаласында айтылған ойды жандандыру мақсатында жүзеге асатын жоба жастардың қанатын еркін сермеуіне серпін бермек.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына қатысу туралы мәліметті ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің сайтындағы <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/press/article/details/57377?lang=kk> сілтемені ашу арқылы білуге болады. Өтінімдерді қабылдау 20 шілде мен 20 қыркүйек аралығында өтеді.

Нұрлан КӨШЕК

Кесел

(Басы 1-бетте)

Ауруды саудаға айналдырған қызметкерлерінің қылығы жайлы Алматы халықаралық әуежай басшылығы

паспорттарын сатумен айналысқан медбикені құрықтады. Ақмола облысында екпені салдырмай, оны 26 мың теңгеге сатып алған 22 жастағы тұрғын ұсталды. ІІМ мәліметінше, бір жалған анықтаманың құны шамамен 5-6 мың теңгеден басталатын көрінеді.

АУРУ «САТҚАНДАР» КІМДІ АЛДАЙСЫҢ, ҚАРАҒЫМ?



ләм-мим демей отыр. Күдіктілер бұл қылмысқа өздері ғана бармаған. Жалған құжат сатып алған жолаушы ұшаққа кедергісіз кіруі үшін әлдебір әуе компаниясының қызметкерлерімен ауыз жаласқан. Бірақ нақты қай әуе компанияның қатысы бары айтылмай отыр.

Жалған құжат сату мұнымен шектелмейді. Жыл басынан бері екпе салдырмай, жалған құжат жасатып алғандардың саны күн сайын артып отыр. Жыл басталғалы коронавирусқа қарсы вакцинаның паспортын сату мен ПТР-тест нәтижелерін қолдан жасаудың ондаған дерегі анықталып, 65 қылмыстық іс қозғалған. ІІМ-нің баспасөз қызметі хабарлағандай, құжаттың құны 5 мың мен 15 мың теңге шамасында екен. Мысалы, Алматы қалалық №4 емхананың аға медбикесі 15 мың теңге үшін вакцина алғандарды белгілеу журналына зансыз тіркеген. Енді ол 2 жылға дейін бас бостандығынан айрылуы мүмкін. Павлодар облысында да жалған паспортты сату және сатып алу ісі өршіп тұр. Полиция қызметкерлері «egov» базасы арқылы 5000 теңгеге вакциналау

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Айжан Есмағамбетова: «Жалған вакцинациялау құжатын жасатып, сатып алу — ең аз дегенде реанимацияға жолдама алумен бірдей деп айтар едім. Сондықтан мемлекет тегін қорғануға мүмкіндік беріп отырған кезде, жалған құжатқа ақшанызды жұмсайтын болсаңыз, өз қолыңызбен ауруға билет сатып алып жатырмын деп есептей беріңіз», — дейді.

Індеттің өте қауіпті екеніне былтырдан бері жұрттың көзі әбден жетті. Бірақ сонда да пысықайлар ақша жасап, адам өмірін саудаға салып отыр. Оған жалған паспорт жасаған медицина қызметкерлері де, соны жасатқан азаматтардың өздері де кінәлі. 15 мың теңгеге ауру сатып алғанша, екпе алып, індеттің алдын алған абзал еді. Амал қанша? Алаяққа бәрібір: қалтасына ақша түссе болды. Ал «өтірік» вакцина алғандар кімді алдайды?

Жарас ШӨКЕ

Өкініш

(Басы 1-бетте)

ОРҒА ЖЫҚҚАН ОНЛАЙН – МАХАББАТ



31 телеарнаға берген сұхбатында әнші қыз әлгі жігітпен сәуір айында әлеуметтік желіде танысқанын айтады. Бізде әншімен әлеуметтік жері арқылы тілдестік. Алаяққа алданып қалғанын айтып, өкініп отыр. Әлгі онлайн күйеу үйленуге ұсыныс жасап қана қоймай, бірінші некеден туған баласын асырап алуға уәде беріпті. «Сеніміме кірді. Үйленетінін, той болатынын, балаларымыз болатынын айтты. «Сенің ұлың — менің ұлым, сенің анаң — менің анам» деді», — дейді өзі.

Хат алмасу барысында ер адам үнемі бір инвестициялық компанияның платформасы арқылы табыс табуға кеңес берген. Нәтижесінде, қыз алдымен аз мөлшерде инвестиция сала бастапты. Кейіннен көлігі мен екі пәтерін сатып ақша аударған. Желідегі жігітке сеніп қалған ол компанияға 100 мың доллардан астам қаражат аударалы.

Бизнес-аккаунтының шотына көлемді сома жиналған кезде, қаражатты алуға тырысқан. Ал оператор салық төлеуін сұрайды. Нәтижесінде, оған карточкалық шоттағы мәселелерге байланысты ақшаны алуға болмайтыны айтады. Ол «Инвестициялық платформаға ақшаны аудару керек. Black Rock деп аталады. Платформа ақшаны қабылдайды, бірақ бермейді», — дейді.

Біраз зерттеу жүргізгеннен кейін,

әнші қыз әлеуметтік желідегі жігітінің суреті қытайдың белгілі бір актері екенін біліп, опық жеп қалады. Ал онымен хат алмасқан мүлде басқа адам болып шығады. 100 мың долларлық онлайн махаббат бар-жоғы үш айға ғана созылыпты. Ақырында қыз бен оның анасы барлық мүлкінен айырылып, қарызға батқан. Қазір жеті жасар баласымен бірге туыстарын паналап жүрген көрінеді.

Психологтар әншіге гипноз секілді адам психикасына әсер етудің арнайы әдіс қолданған болуы мүмкін дейді. Тақырға отырған ол полицияға арыз жазған. Бірақ тәртіп сақшылары оған көмектесе алмайтын сияқты. Оның айтуынша, бұл ұйымның жұмыс ауқымы өте үлкен. Зардап шеккендер тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де бар болуы мүмкін.

(Өз тілшіміз)

Бәстіну

Бүкіл әлемде спортты дамыту үшін зор мүмкіндіктер пайда болды. Бірақ бұл біздің елімізде байқалмайды. Дегенмен біз жаңа рекордтар мен жеңістерге сенеміз...

Қолдаушылар қаржысы

Бәзбіреулер бұл туралы «жасөспірімдердің ақымак ойыны» дейтін. Бүгін де аға буын өкілдері компьютерлік ойындарға мән бере қоймайды. Ал киберспорт жана онжылдыққа әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан инвестициялық саланың бірі ретінде кірді. Бұл қалай жүзеге асты?

Киберспортқа қаржы көптеп келгенде, осы саланың кейбір жас көшбасшылары миллионерге айналды.

Ал өзгерістер қозғалтқышы букмекерлер болды. NewZoo

ПОЙЫЗДАН ҚАЛЫП ҚОЙМАЙЫҚ...



статистикалық порталы хабарлағандай, 2019 жылы әлемдік киберспорт нарығының көлемі 1,1 млрд долларға жетті. Бұл қаражаттың едәуір бөлігі букмекерлермен демеушілік келісімдердің арқасында келді. Осылайша, букмекерлік кеңселердің демеушілері киберспортқа серпін берді.

Бұл жана спорттың басты мәселесі — ойыншылар үшін «жеделсаты» болмауы. Бірақ содан кейін букмекерлер көмекке келді. CS:GO немесе Dota2 финалдық турнирлеріне қатысу үшін ұпайларға сәл жетпейтін командалар үшін gg букмекерлік компаниясы BET FaceCheck атты жеке әлемдік турнир ұйымдастырды. Бұл дарынды ойыншыларға атақ алуға, ал ең жақсы әуесқой командаларға жоғары деңгейдегі маман болуға мүмкіндік берді. Сөйтіп букмекерлер электронды спорт түрі жетіспейтін лифт жасады.

Әрине, беттинг компаниялардың eSports мәртебесін көтеруге деген ұмтылысы дәл осылай болған жоқ. Жарыстар бүкіл әлем бойынша ондаған мың жанкүйерлерді қызықтырған кезде, букмекерлер одан пайда тапты. Ал eSports олардан қосымша қолдау алды. Ол екі-үш жыл ішінде өмірге келді, бұл салаға миллиардтаған доллар келіп түсті.

Жағымды әсер

Ресей футболында да осындай жанданыс байқалды. Мұның бәрі 2017 жылы, Ресейде максатты аударымдар мен букмекерлік жарнама туралы жаңа заң қабылданған кезде басталды. Букмекерлер тоқсан сайын өз табыстарының 5 пайызын спортты дамытуға футбол федерациялары мен сайыстары бойынша ставкалар қабылдайтын командаларға беруге міндеттелді. Мұндай демеушілік келісімшарттардың сомасы әр тоқсан үшін 15 миллион рубльден кем болмауы керек. Оның орнына букмекерлік кеңселер матчтарды трансляциялау кезінде стадиондарда, командалар түрінде және баспасөзде өз жарнамаларын орналастыру құқығын алды. Осы заң іске қосылғаннан кейін клубтар мен федерациялар букмекерлермен демеушілік келісімдер жасай бастады. Ресейдің ірі клубтарының ішіндегі ең соңғысы 1xBet компаниясымен серіктестік келісімге қол қойған «Зенит» болды. 2017 жылдың соңына қарай Премьер-Лига командаларының жартысынан астамы, соның ішінде «Зенит», «Спартак», ЦСКА, «Локомотив», «Краснодар» букмекерлік кеңселермен жұмыс істеді. Ал қазір Ресей футбол Премьер-Лигасының барлық дерлік клубтарында букмекерлік кеңселермен келісімшарттар бар. Қаражат ағыны бұрын жоғары нәтижелермен сирек жарқыраған Ресей футболына жағымды әсер етті. Ресейден келген кейбір клубтар мен командалар скептиктерді үйде ғана емес, тіпті еуропалық турнирлер деңгейінде де таң қалдыра бастады. Ресей футболы дамуына айтарлықтай серпін алды.

спорт үшін әрқашан жақсы. Бұл ең жақсы ойыншыларды тартуға мүмкіндік беретін жалақы, олар жоғары деңгейлі жаттықтырушылар, жаттығулар үшін тамаша орындар мен жағдайлар. Букмекерлердің жаппай демеушілігі үлкен спорттың одан әрі дамуын ынталандырады.

Ал бізде ше?

Біздің елімізде букмекерлік кеңселер тарапынан спорттың ауқымды демеушілігін ынталандыратын заңнамалық тетіктер әлі құрылған жоқ. Бұл отандық спортты соңғы уақытта әлемдік спорт иеленетін жана мүмкіндіктерден айырады.

Алайда жаһандық үрдістер Қазақстанды шет қалдырмады. Елде жұмыс істейтін бірқатар букмекерлік компаниялар спортшылардың майкалары мен баспасөзде ешқандай жағдайсыз, жарнамасыз, қазақстандық клубтар мен федерацияларға жылына миллиардтаған теңгеге қолдау көрсетеді. Мысалы, 1xBet «Қайрат» футбол клубының бас демеушісі болып табылады. Букмекерлік кеңселер аймақтық командалар, жасөспірімдер клубтары, әуесқой спорт түрлеріне демеушілік қолдау көрсетеді. Букмекерлік кеңселер балалар спортын қолдауға үлкен қаражат жұмсайды. Мысалы, қазір олар бүкіл ел бойынша ауылдық жерлерде арнайы жабдықталған балалар футбол аландарының құрылысына демеушілік жасайды.

Бұл үшін компания мемлекеттен ештеңе сұрамайды. Бастапқыда, букмекерлердің өздері айтқандай, олар спорт билігі тарапынан қызығушылық боларына сенбеді. Елімізде спорттың ойын-сауық түрлерін дамытуды қолдау және адамдардың оларға деген жаппай қызығушылығын ынталандыруға букмекерлік қауымдастықтар мемлекет сияқты мүдделі.

Әйтсе де, егер еліміздегі мемлекеттік құрылымдар әлемдік үрдістерге ілесіп жүрсе, беттинг компаниялар бұдан да көп жұмыс атқаратын еді. «Біз талантты спортшылар мен үздік командаларға қолдау көрсетуге дайынбыз, демеушілік жобаларымызды кеңейтеміз. Бұл Қазақстан спортына үлкен пайда әкеліп, жана жеңістерге жетуге көмектеседі деп ойлаймыз. Біз мемлекетпен барлық деңгейде өзара іс-қимыл жасауға дайынбыз және тындағымыз келеді. Өйткені спортқа қолдау қажет. Әлемдік деңгейге жету үшін спортшыларды ынталандыру керек. Біз мұндай ынтымақтастықты қалай құру керектігін білеміз», — деп түсіндірді ірі букмекерлік бірлестіктердің баспасөз қызметі.

Бірақ елдің спорт билігі бұл жана мүмкіндіктерді көре ме? Әзірге байқалмайды. Әлемдік спорттағы өзгерістерді қарайламаймыз ба? Әлде біз пойыздан артта қалдық па?

Олжабек БАЙҚАТОВ

Мегалполис

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортты дамытудың маңыздылығын атап өткен болатын. Бұл бағытта Шымкент қаласында жүйелі жұмыстар қолға алынған. 2021 жылдың алғашқы жарты жылдығының қорытындысы бойынша, дене шынықтыру және бұқаралық спортты жанына серік етіп, үзбей шұғылданушылар саны 340 мыңнан асты. Бұл қала тұрғындарының 31,2 пайызы деген сөз.

Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Аутрич, NEET және жас отбасылар бөлімінің инспекторы Бақнұр Тойшыбайқызы бұқаралық спорт бағытында шаһарда атқарылған істер көп екенін мақтанышпен жеткізді.

Жас qazaq: Бақнұр Тойшыбайқызы, Шымкентте бұқаралық спортпен шұғылдану үшін қаншалықты жағдай жасалған?
Б.Тойшыбайқызы: Үшінші мегалполисте бұқаралық спортты дамытуға мүмкіндік мол. Тұрғындардың спортпен шұғылдануына жағдай

Жалпы биылдың өзінде спорт үйірмелеріне қосымша 4 мыңнан астам баланы қамтып, қалада спорттық қозғалыстардың дамуына мүмкіндіктер қарастырылған.



келешекте. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, қала әкімі М.Әйтеновтің бастамасымен шахматтан 8-18 жастағы жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты 20 шілде — халықаралық шахмат күнінде басталды. Спорттық сайысты Шымкент қаласы әкімдігі мен Қазақстан шахмат федерациясы бірлесіп ұйымдастыруда.

«Шымкент — еліміздің шахмат астанасы» брендин қалыптастыру аясында қолға алынған спорттық сайыс, 2021 жылдың 20-30 шілде аралығында он күн бойы жалғасадy.

Іс шараның мақсаты — халықаралық шахмат аренасында Қазақстанның оң имиджін қалыптастыра отырып, Шымкентті зияткерлік шаһарға айналдыру. Сондай-ақ шахматтан жаңа таланттарды анықтау.

Қазақстан Республикасының чемпионаты 8, 10, 12, 14, 16, 18 жасқа дейінгі жас категориялары бойынша ұлдар мен қыздар арасындағы стандартты, рапид және блиц шахмат бойынша өтуде.

Турнир регламентіне сәйкес, классикалық шахматтан Қазақстан Республикасының 8, 10, 12, 14, 16 және 18 жасқа дейінгі чемпиондары, классикалық ойындардан ұлдар мен қыздар арасындағы әлем чемпионатына қатысуға жолдама алады.

СПОРТ – САЛАУАТТЫ ӨНЕР КЕПІЛІ

жасау мақсатында қала орталығынан шалғайда жатқан шағын аудандар мен тұрғын алаптарда 115 әмбебап спорт алаңшасы ашылды. Көп қабатты тұрғын үйлердің арасындағы 101 аула жаңартылып, дене шынықтыру, спорттық ойындар өткізетін орындар ретінде жасакталды. Жуырда ғана қаланың төрт ауданында шаһар басшысы Мұрат Дүйсенбекұлының бастамасымен қолға алынған жоба аясында демеушілер есебінен 6 спорт алаңшасы ашылды. Осыған дейін Әл Фараби және Абай аудандарында жеке кәсіпкер Серік Тұлбасовтың қоры мен Eurasian Resources Group (ERG) компаниялары тарапынан салынған болатын. Жалпы жобаның ерекшелігі — алаңшаларды демеушілер салып, тұрғындар өздері қалағанынша пайдаланып, жауапкершілігіне алады.

Бұқаралық спортты дамытудың бір бағыты мектеп және оқушылар лигасын өткізу. Бұқаралық спорттың бұл бағыты жас ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз етіп қана қоймай, суицидтік құбылыстар, нашакорлық және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық сияқты көптеген әлеуметтік мәселелерді шешеді.

Осы мақсатта қалада «Жастар лигасы» спорт ойындары өткізіліп, оған әр шағын аудан мен тұрғын алаптар жастары санатынан 536 команда қатысып, спорттың төрт түрінен сайыстар өткізілді.

Жас qazaq: Сөзіңіз аузыңызда, өткенде балалар спорт секцияларын жан басына қаржыландыру жүйесі енгізілгенін естіген едік. Соған толығырақ тоқталып өтіңізші.

Б.Тойшыбайқызы: Шымкент қаласында балалар спорт секцияларын жан басына қаржыландыру енгізілді. Бұл тапсырыс аясында кәсіпкерлер мемлекет есебінен спорттың 71 түрі бойынша қаржыландырылып, 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар өздерінің таңдауы бойынша спорт секцияларында тегін жаттыға алады.

Аталған жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған балаларға мемлекеттік бюджет есебінен спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелерге тегін баруға мүмкіндік беретін, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы аясында жүзеге асып отыр.

Егер мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істегіңіз келсе, жеткізушілер тізіліміне қосылу үшін <https://artsport.edu.kz> порталына тіркелсеңіз болады.

Жас qazaq: Биыл әлемнің көптеген спортшылары үшін ең маңызды жыл. Алдағы



Ал классикалық шахматтан «8», «10», «12», «14», «16» және «18» жас санаттарына дейінгі Қазақстан Республикасы чемпионатының күміс жүлдегерлері, ұлдар мен қыздар арасындағы Азия чемпионатына қатысады.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Бас жүлде («Кубок») ең көп алтын медаль жеңген аймақ делегациясына беріледі. Турнирдің жалпы жүлде қоры — 2 880 000 тенге.

Шахматтан жасөспірімдер арасында жарыс «Black Rock Business» ЖШС-нің демеушілігі және Air Astana, Allur Auto, «Сарыарқа АвтоПром», AIFC, Delix серіктес компанияларының қолдауымен өтуде.

Тағы бір қуанышты жаңалық, Шымкентте халықаралық шахмат күніне орай ескерткіш ашылды. Орталық саябақта орнатылған шахмат фигурасының биіктігі — 3 метр, салмағы — 4 тонна. Сәулетті мүсінді «Шымкент — Қазақстанның шахмат астанасы» атануына орай «Black Rock Business» ЖШС қолдауымен Шымкент қаласына сый ретінде тарту етті.

«Шымкент — Қазақстанның шахмат астанасы» атану сәтінде қаламызда оны айғақтайтын арнайы ескерткіштің болуы маңызды. Жергілікті тұрғындар мен шахмат жанкүйерлері үшін Орталық саябақ негізгі орынға айналып үлгерген. Сондықтан шахмат фигурасына осы орын таңдалып алынған.

Шахматтан жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатының Шымкентте ұйымдастырылуына бастамашы болған

Б.Тойшыбайқызы: Пахтакор мөлтекауданында орналасқан «Мирас» спорт кешенінде кіші футболдан турнир өтті. Ойын қаламыздың 4 ауданы бойынша пробация есебінде тұрған жастар арасында өткізілді.

Шымкент қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің және Шымкент қаласының «Полиция департаментінің» ұйымдастыруымен шалғай аудандарда бұқаралық спортты дамыту мақсатында «САЛАМАТТЫ ҰРПАК» жобасы аясында футболдан турнир өтті. Іс-шара санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, Әл Фараби ауданына қарасты Бадам мөлтекауданында өткізілді. Турнирдің мақсаты — жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Ойын соңында ең үздік деген 8 жасөспірімге «Үздік шебер ойыншы» алғыс хаты табысталды.

Абай ауданы мен Әл Фараби ауданының мамандары мен «Шымкент қаласы бойынша жауынгерлік өнер қауымдастығы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Отанды сүю — иманнан» тақырыптарында іс-шара өтті.

«Қайырымды істер» марафоны аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына арнайы спорт түрлерінен үйірме ашылды. Бұл үйірмеде қаламыздың Абай ауданына қарасты Қазығұрт мөлтекауданындағы жартылай жетім, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының жазғы демалыстағы уақытын тиімді пайдалану мақсатында жеңілдікпен қатысуға мүмкіндік алып отыр. Атап айтқанда, оған бокс, кикбоксинг, дзюдо және таэквондо спорт түрлері жатады.

Ігі бастамаға демеушілік жасап отырған жас кәсіпкер, бокс бапкері Ережеп Орынбасарұлы Жұрқаев. Ол өз қаржысына үйірме ғимаратын көтеріп, ондағы жаттығуға қажетті құрал-

саймандармен қамтамасыз етіп, жастарға үлкен мүмкіндік сыйлады.

Сонымен қатар игі іске Шымкент қалалық мәслихат депутаты Мұрат Жолдыхожаев та қолдау көрсетті. Сондай-ақ бірлескен іс-шаралар өткізу мақсатында «Muslim fit» спорт кешенінің басшысы, бокс бапкері Ережеп Жұрқаев пен Жастар ресурстық орталығының басшысы Ерлан Айтбаев өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойды.

Ағымдағы жылдың 14-21 сәуірінде Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Футбол федерациясы мен білім және ғылым министрлігі ұйымдастыруымен республикалық сайыс өтті. Футзалдан қыздар лигасының жоғары оқу орындары (ЖОО) арасында өткен турнирге еліміздің 12 оқу орнынан қыздар командасы қатысты.

Аталған жарысқа академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің «ХДУ» командасы қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленді.

Турнирдің «В» тобында өнер көрсеткен университет командасы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің командасын 6:0 есебімен ұтса, Қазақстан агротехникалық университетінен 15:0 есебімен басым түсті. Астана құрамасын 4:3, ал Петропавл құрамасын 17:0 есебімен ұтты. Жартылай финалда Петропавл командасын 12:0 есебімен жеңіске жетсе, финалдық сайыста Астана құрамасын 6:1 есебімен ұтып, жеңімпаз атанды.



Мұрат ӘЙТЕНОВ, Шымкент қаласының әкімі:

— Шахмат — әлемдегі кең таралған ойындардың бірі саналады. Шахмат адамның есте сақтау қабілетін жақсартып, қиын сұрақтарды шешіп, күрделі идеяларды ойлап табуға септігі мол. Шахмат ойынынан Шымкент қаласында да жеңісті дәстүр бар. Көптеген Халықаралық додаларда Әурашымызды шырқата білген алғашқы гроссмейстер Гүлісхан Нұрбаева және Жансая Әбдімәлік Шымкент қаласының тумасы. Өткен оқу жылында Қазақстанда тұңғыш рет Шымкент мектептерінде шахмат ойыны енгізілді.



Феруза ЕРГЕШОВА, халықаралық дәрежедегі спорт шебері:

— Мен спортпен 12 жасымнан бері айналысып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атандым. Таэквондодан Қазақстанның

бірнеше дүркін чемпионы болдым. Азия чемпионы, халықаралық Гран-придің күміс жүлдегері атандым. Лондон Олимпиадасына қатыстым. Жақында ел чемпионы атандым.

Тәуелсіздік жылдары Шымкентте көптеген спорттық нысандар салынды. Спорттық секцияларға баратын жастарымыз да көбейді.

Бұқаралық спортты дамыта түсуге қатысты ұсыныстарымды атап өтсем...

Биыл 1 мамырдан бастап, балалар үшін спорттық секциялар мен шығармашылық үйірмелер ақысын мемлекет толық өз мойнына алды. Енді осы заң тұрғындар арасында насихаттала сөйлем.

Қаладағы Нұрсәт, Тұран, Шымкент-сити сынды жаңа шағынаудандарда спорт орталықтары жұмыс істеуі қажет.

Шымкент миллионды қала. Дегенмен халқы көп шаһарда спорт бассейндері аз. Сондықтан жаңа шағынаудан аумақтарынан бассейндер көптеп салынса. Бұл бір жағынан су спортын дамытуға ықпал өтсе, екінші жағынан, қаладағы мүмкіндігі шектеулі 6 мыңнан астам баланы суда оңалтуға ықпал өтер еді.



23 шілде мен 8 тамыз аралығында Жапонияның Токио қаласында 32-ші Жазғы Олимпиада ойындары өтеді. Шымкенттен Қазақстанның намысын кімдер қорғамақ?

Б.Тойшыбайқызы: Қазақстанның намысын қорғайтын спорттың 7 түрі бойынша 11 олимпиадалық лицензия иесі бар. Тауда ғана ел намысын қорғайтын спортшылармен Мұрат Дүйсенбекұлы арнайы кездесіп, сенімін білдіріп, сапар алдында тілектестігін білдірген болатын. Нақты айтар болсақ, Шымкенттен стeнд атудан — Сәрсенқұл Рысбекова, Зоя Кравченко; оқ атудан — Юрий Юрков; қаратәден — Дархан Асәділов, Софья Берульцева, Данияр Юлдашев; бокстан — Закир Сафиуллин; көркем гимнастикадан — Алина Әділханова; бадминтон және каноэден — Сергей Емельянов, Тимофей Емельянов; дзюдодан — Галбадрах Отгонцэцэг қатысады.

Сондай-ақ Халықаралық күрес федерациясы тарапынан грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Олимпиада санатындағы төреші, әлемнің 50 үздік төрешілерінің құрамына Игорь Лигаи тандалды.

Жас qazaq: «Шымкент — шахмат астанасы» брендин қалыптастыру жолында ел чемпионаты біздің қалада өтіп жатыр. Солай ма?

Б.Тойшыбайқызы: АҚШ-та Сент-Луис, Германияда — Дортмунд, Ресейдің — Элиста қалалары өз елдерінің бейресми шахмат астаналары атанып кеткен. Енді бұл тізімге — Шымкент қаласы да қосылады



— «Visit Shymkent» орталығы. Маусым айында «Қазақстан шахмат федерациясы» қоғамдық бірлестігі мен «Visit Shymkent» орталығы арнайы ынтымақтастық меморандумына қол қойған болатын.

Жас qazaq: Ал ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жастар лигасынан» өзге қандай сайыстар, іс-шаралар ұйымдастырылды?

Сұхбаттасқан Мәриям АЙТБАЙ

Шағын кәсіпкерлік

Қазақ пен төрт түліктің тағдыры тұтасып кеткендіктен де жаны егіз. «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» дегенді де қазақ айтқан. Аграрлы ел саналатын бізде ауыл шаруашылығы күре тамырының бірі төрт түлікке тіреледі.

Шағын және орта бизнесті өртістетуге ықыласты кәсіпкерлердің қалың шоғырында мал шаруашылығын дамытуды қолға алып, несібесін арттырушылар қатары көбейіп келеді. Кәсібінің нәсібін төрт түліктен түсетін табыстан айырып жүрген жандарға мемлекет тарапынан берілетін шағын несие мен грант түрі де жеткілікті. Тек тәзімңді таспен қашағандай ететін құжат жинау шаруасы шаш етектен. Онысы дұрыс та шығар, мемлекеттің қазынасынан берілетін қаржының соқыр тыныына дейін сұрау болатындықтан да қатаң талап пен сүзгіден өткізетіні. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып, өрістету мақсатында ашылған бағдарлама бар. «Еңбек» деп аталады. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша тиімді несие алып, кәсібіне шыр кіргізіп жүрген жанның бірі – Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылында тұрады. «Ақ шұбат» ЖК жетекшісі Ақбала Тұрғалиқызы Сүлеймен былтыр «Еңбек» бағдарламасына қатысу үшін құжаттарын жинайды. 4 миллион теңгені төменгі пайызбен алып, қорасындағы түйесінің санын молайтады. Бүгінде келе-келе түйе айдамаса да, қолындағы аруаналарын сауып, сүтінен шұбат ашытып сатылымға шығарып отыр. Жер жүзінің көп бөлігін қуырып, аптабымен құратып жіберген құрғақшылықтың салмағын сағыздықтар да аз тартып жатқан жоқ. Мұны сұхбат барысында Ақбала Тұрғалиқызы да айтты.

Jas qazaq: Ақбала ханым, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша шағын несие алып, кәсібіңіздің іргесін кеңейткен екенсіз. **Ақбала Сүлеймен:** Түйе малын өсіріп, өнімін ұқсату ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан кәсіп. Жолдасым да, отыз жылға жуықтады, түйе малын бағалды. Мемлекеттік бағдарлама кәсіпкерлерді қолдау болатынын білген соң

ЕҢБЕК
ЕТКЕННІҢ
НЕСІБЕСІ
АРТАДЫ

«Еңбекке» құжаттарымызды жинастырып тапсырып, 4 миллион теңге несие алдық, төмен пайызбен.

Jas qazaq: Құжат демекші, көптеген адамдар құжат жинау машакатына төзімі жетпей, орта жолдан қолын сілтеп кетеді. **Ақбала Сүлеймен:** Мемлекеттің қазынасынан бөлінетін қаражат болған соң да талабы күшті. Емен есіктердің бірнешеуін ашасын, жасыратыны жоқ. Бірақ шыдам керек, төзу қажет, құжат рәсімдеу шаруасы бірден бітпейді. Төменгі пайызбен берілетін болған соң, одан кейін бір жылдай мерзім каникул беріледі, яғни несиені рәсімдеген соң сен бір жылдай төлемейсің, Екінші жылдан бастап келісімшарт бойынша көрсетілген соманы қайтарып отырасың. Бұл да болса, демеу. Біз де аудан орталығына, қала берді, облыс орталығы Атырау қаласына да бардық құжаттарды рәсімдеу үшін. Осындай талаптарын орындағандар ғана несиені рәсімдеп алуына мүмкіндігі туады.

Кепілге үйімізді қойып алған несиені рәсімдеуге бір айға жуық уақыт кетті. Былтыр қазан айында рәсімдеп алдық. Жакында тек үстіне қосылатын пайыздық мөлшерінің белгілі бір сомасын төледік. Енді ай сайын белгілі бір мөлшерде төлеп отырамын. **Jas qazaq:** Биыл өзіңіз де айтып отырсыз, қуаншылық сіздерді де айналып өткен жоқ. Алтап ыстық адамдардың аңкасын кептіріп,



Жер Ананы да қуырып барады. Шөптің жайы қалай сіздерде? **Ақбала Сүлеймен:** Бізде де қуаншылық, жалпы Сағыз ауылын қоныстанған жер түйе малына қолайлы. Бірақ биыл жайылымның жоктығынан түйелеріміз азығын алыстан іздеп ұзап жайылатын болды. Кейін сауым уақытында таппай да қаламыз. Сағыз ауылы – өсіп-өнген елді мекен. Түйе өсірушілер де көбейіп келеді, сондықтан да өріс тарылып, малымыз шығандап жайылады. Қуаншылықтың да қысып тұрғаны жанға батады, бәрі бір Аллаға аян, артының қайырын берсін дейміз. **Jas qazaq:** Мемлекеттік бағдарлама бойынша төмен пайызбен несие алу түйе басын көбейтуге тиімділігін көрсетті ме?

Ақбала Сүлеймен: Иә, төрт бас түйе сатып алдық былтыр. Қазір соғардың сүтін сауып алып, шұбат ашытып сатып отырымыз. Табысы да жақсы, еңбектенгеннің несібесі де артады ғой. **Jas qazaq:** Тек шұбат күйінде сатасыз ба, әлде балкаймақ, құрт жасап та тауарыңыздың түрін арттыруға болмай ма? **Ақбала Сүлеймен:** Неге болмасын болады, бірақ оның барлығына уақыт қажет. Мысалы, сіз бір келі құрт жасау үшін бес литр сүтті қайнатасыз, одан бір келі ғана құрт шығады, бес литр сүтіңіз 5000 теңге. Төрт-бес сағат қайнатып, құрт жасайтын еңбегіңіз тағы бар. Ал енді бір келі құртты бес мың теңгеге ала ма? Көп сұраныс болмайды, балкаймақтың да жайы сондай. Одан гөрі бізге тиімдісі түйені сауып, шұбатын ашытып сатқан онтайлы. Қазір тіпті сұраныс жоғары, пышақ үстінен бөліп әкетеді. Бұрынғыдай базарға барып сататын емес қазір. Былтыр пандемия басталып, ковид өршігелі, тіпті сұраныс жоғары. Үйімізден келіп, сатып алып кетеді. **Jas qazaq:** Құрт, балкаймақ жасауға аз күш кетпейді дедіңіз ғой, шұбат ашыту да аз жұмыс емес. **Ақбала Сүлеймен:** Таңғы төрт жарымнан тұрып сауым болады, тоғызға таман тағы да сауып, өріске шығарасың, аруанасы жана төлдегенде ботасы алмай иіту үшін өрісте ботасын жетелеп жанында жүресің. Жалғызілік жанға түйе малын өсіріп, өнімін ұқсату оңай емес. Қазір жайылымның жайы мәз емес, сондықтан да кейде алыстап кеткен малымыз түнемелге қалып қайтпай қалады. **Jas qazaq:** Пандемия басталғалы түйе сүтіне деген сұраныс артты дедіңіз. Жалпы адамның иммунитеті жүйесін күшейтуге қажетті дәрумендер шұбаттың құрамында мол ғой. **Ақбала Сүлеймен:** Қаны азыққа шалдыққандар, ковид жұқтырып жазылғандар да шұбат ішуге ықыласты. Түйенің сүтіндегі ақуыздың құрамында альбумин мен глобулин жоғары, казеин де бар. Сондықтан да сиырдың сүтіне қарағанда, түйенің сүті тез сінеді. Дәрумендер мен амин қышқылдары өте көп. Ата-бабамыз ертеден өкпе ауруын өршітпеу үшін шұбат пен қымызды ішкен. Сыыр малының сүтіне қарағанда түйенің өнімі ұзақ сақталады. Түйенің етінде: фосфор, калий, темір, B1, B2, B9, A, C, E дәрумендері де мол. Мінсе – көлік, ішсен – сусын, жесен – азық. Түйе малының қасиеті мол, оны тек баққан адам ғана біледі.

Сұхбаттасқан Қуаныш РАХМЕТ

Қазақстанда жасалған

Көмірсутегі көздеріне бай Қазақстан шикізат өндірісімен бірге мұнайгаз химиясы саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Бұл отандық экономиканы

өртараптандыруға (диверсификация) сүбелі үлес қосып қана қоймай, өндіріс ошақтары мен жаңа жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз етеді. «ҚазМұнайГаз» баспасөз қызметі ұсынған деректерге жүгінесек, бүгінде осы ұлттық компания мұнайгаз химиясы саласындағы 3 ірі жобаны іске асырып жатыр.

МҰНАЙГАЗ
ХИМИЯСЫНЫҢ
ӨРІСІ КЕҢ



Бұл жобалардың ішіндегі ең бірегейі, сөз жоқ, Атырау газ химиясы кешені. Атырау облысында орналаcқан алып кәсіпорын құрылысының алғашқы сатысы биылғы жылдың соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Соның нәтижесінде жылдық қуаты 500 мың тонна полипропилен өндіретін зауыт іске қосылады. Ал екінші кезеңде жылына 1,25 млн тонна полиэтилен шығару жоспарланып отыр. Аталған кәсіпорынды іске қосу және өнеркәсіптік мақсатта пайдалану үшін тұрақты түрде электр қуатымен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл мәселе өткен жетіде өз шешімін тапты. Интеграцияланған газ химиясы кешені «Karabatan Utility Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен электр энергиясын алды. Осылайша, кешенді іске қосу жылында алғашқы қадам жасалды.

Еліміздің ішкі нарығында полипропилен деген сұраныс 40-45 мың тоннаны құрайды. Бұл көрсеткіш жыл сайын 2-3 пайызға артып отырады. Бастапқы кезеңде зауытта полипропиленнің 11 маркасын шығару көзделуде. Өнімнің негізгі бөлігі экспортқа жөнелтіледі. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» компаниясы қазірдің өзінде Қытай, Еуропа және Түркияға өнім экспорттау жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді.

Ал полиэтилен шығаратын зауыт іске қосылған кезде аталған өнімді сырттан тасымалдаудан құтылады. Ресми статистикаға жүгінесек, полиэтилен мұнайгаз химиясы импортының үштен бірін құрайды. Өткен жылы елімізге түрлі мемлекеттерден әкелінген осы өнімнің көлемі – 176,3 мың тонна.

Энергетика министрлігінің болжамы бойынша, 2025 жылға қарай мұнайгаз химиясы кәсіпорындарының жылдық өндірістік қуаты қазіргі 870 мың тоннадан 2 млн тоннаға дейін артады. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының (КМГ) еліміздегі жалпы өндірістегі үлесі (полипропилен мен полиэтилен) 87,5 пайыз шамасында. Министрліктің есеп-қисабына әлі кіре қоймаған өнімнің тағы бір түрі бар. Ол – бутадиен каучуты. Айта кеткен жөн, бұл еліміз үшін тың сала. Содан болар, Қазақстанда битум модификациясы, желім, резенке және шина өндірісінде қолданылатын бутадиен каучутын шығаратын зауыт салуды көздейтін жобаның дүниеге келгеніне де көп бола қойған жоқ. Биылғы сәуірдің соңында КМГ басшысы Алик Айдарбаев пен «Татнефть» компаниясының (Ресей) жетекшісі Наил Маганов Қазан қаласында кәсіпорын құрылысының жобасы бойынша жол картасына қол қойды. Оған сәйкес, тараптар техникалық-экономикалық дейектеме дайындайтын жобалау компаниясын құрады. Зауыт 2025 жылға дейін салынуы тиіс. Кәсіпорын іске қосылған кезде жыл сайын 186 мың тонна бутадиен каучуты мен 170 мың тонна изобутан өндіреді. Шикізат «Тенішевройл» компаниясы тарапынан қамтамасыз етіледі. Ал негізгі тұтынушылар болып татарстандық компанияның Қарағанды облысында салып жатқан шина зауыты мен Ресей, Қытай, Түркия және Еуропа елдеріндегі кәсіпорындар саналады.

Талап ТІЛЕГЕН

Экология

Бас қаланы көмкерген орманды алқаптың көлемі бүгінде көз жетпес ұшы-қиырсыз көрінеді. 1997 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып, 1998 жылдан бері қарқынды дамыған жасыл белдеу бағытындағы жоба өзінің жемісін берді. Елордасы сарыарқа төсіне көшірілгенде Ақмола қаласында күздің қара суығы қарып, қыста азынаған ақ бораны түтеп, көктемнің көкезек шағындағы ызғырығы ұйтқып соғатын. Бүгінде жасыл белдеудің желкілдеп өскен орманды алқабы жыңды желді де, ұйтқыған боранды да едәуір бөгеп, қаланың климатына оң әсерін тигізді. 23 жылдан бері орманды алқап кеңейіп, егілген ағаштың саны 146 миллионнан астам түпке жеткен. Астананың іші ғана емес, айнала қоршаған төңірегі де өсем табиғатымен көз тартуы тиіс. Осы үдеден шығу бағытында еңсерілген һәм әлі де атқарылатын жұмыс жеткілікті.

Нұр-Сұлтан қаласының маңайын абаттандырып, жасыл желекке айналдыру идеясын сабақтастырып, бүгінде дербес облыс орталығы болған Түркістан қаласының маңайын да желкенмен көмкеру шаруасы қолға алынды. Осыдан аттай 23 жыл бұрын жасыл белдеу жобасын қолға алғанда бораны тас ұшырып, құм бүркетін алқапқа ағаш егу ақымақтың ісі деп кері тартушылар да табылды. Бас қала 1998 жылы Алматыдан Ақмолаға көшіп, көлікті керуеннің алдыңғы легі боп келіп, қосын тіккендердің жалдында жаңғырып тұр қаланың ұйтқыған бораны. Құтырған жел күшіне мінгенде атты адамды аударып кете жаздайтын. Бүгінде табиғаттың тосын мінезіне осы жасыл желекті алқап едәуір тосқауыл болып, жуастытып отыр. Орманды алқаптың ағаштарынан бөлінетін оттегі қаланы таза ауамен қамтиды, шаң өтпейді, желді де жібермейді. Бас қаланың таза ауа бөлетін «өкпесі» саналатын жасыл алқаптың күтіп-баптау, ну жынысты тоғайдың тал-дарағын күтімдеу де оңай емес. Ағаш көшеттерін жерсіндіруге де жұмсалатын күш-жігер көп. Аң мен құстың да еркін жусап, өретін өрісіне айналған орманды алқапта ағаштарға зиянын тигізбейтін жәндіктер де жетерлік.

Бас қаланың қым-қуыт тіршілігінен бойын тасалап, тынығуды қалайтын астаналықтардың да жиі баратын орны осы орманды алқап. Мұнда жаяу жүргіншілерге һәм велосипед тізгіндегендерге арналған арнайы сүрлеу бар. Жаздың алтап ыстығында көленке қуғандар осы жасыл белдеудегі жайқалған ағаштардың саясында тынығып, таза

ауамен тыныстап, табиғатпен тілдесіп, тынығып қайтады. Сөз жоқ, жасыл белдеу жобасы өзінің миссиясын толықтай атқарып келеді. Қаланың бұрынғы катал климаты

146,65 миллионға жетті. Аншылық шаруашылығының деректері бойынша Нұр-Сұлтан қаласының төңірегінде мынадай жануарлар мекендейді: марал, елік, түлкі, суыр, борсық, қоян, құр,

БАС ҚАЛАНЫҢ
ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ



Мұхит
РАМАЗАНОВ,
«Жасыл Аймақ» РМК
бас директоры:

– Елбасының тапсырмасына сәйкес, 1997 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде 1997 жылдан 2020 жылға дейін 88,1 мың гектар жерге ағаш көшеттері егілді. Осы жылдың көктемінде бірінші кезең бойынша 2171,5 га алқапқа отырғызылды, жалпы, ағымдағы жылы 90,3 мың га алқапқа өкпе отырғызылды, одан өрі 2025 жылға дейін жасыл белдеудің алаңы 100 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

бүгінде кәдімгідей жұмсарып «жуасыды». Жел мен шанды тұтып бас қалаға жібермейді. Желдің жылдамдығын да, боранның бұрқасынын да біршама тежеп, бөгесін болып отыр. «Жасыл белдеу» бағытында құрылған «Жасыл Аймақ» РМК 8 орманшылыққа бөлінеді. Серіз алқап Нұр-Сұлтан қаласын айнала төңіректей қоршайды. Далалық, орманды жерде өсетін табиғи тал-теректің 100-ден астам түрі зерттеліп, сынақтан өткізіліп, қаланың климатына бейімделіп, тез жерсінетіндерінің көшеттері көптеп егіледі. Жасыл желекті орманға төнетін ең үлкен қатер — өрт. Қаншама бейнетпен бой көтерген жасыл желекті күтіп-баптаудан сырт қорып, күзету де аса маңызды. Далалы жерде тұтанатын өрттен келетін қатердің алдын алып, өшіруге қажетті техника да, адам күші де жеткілікті. Өрттен бақылау мұнарасы да жұмыс істейді. Жаз мезгілінде келушілер қатары молыға түседі. Келген әр адамға өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау талап етіледі. Арнайы белгі орнатылмаған аумаққа от жағуға, қокыс қалдығын тастауға болмайтыны ескертіледі. Аң-құс аулап, атуға да тыйым салынады. Келешекте «Жасыл Аймаққа» қарайтын орманды алқапқа ұлттық саябақ мәртебесін беру мәселесі де көтеріліп жүр. Қаланың жүрек қағысына қажетті таза ауаны бөлетін орманды аймақтың тал-дарағы жайқала түскенді кім-кімге де қуаныш.

Ғалымдармен, орманшыларымен 104-ке жуық ағаш пен бұталар түрін жерсіндіру және аудандастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Олардың 28 түрі өндіріске ұсынылды (қарағай, қайың, үйеңкі, шегіршін, шаған, терек, тал, ырғай, қарақат, алма ағашы және т.б.). 1997 жылдан бастап жасыл белдеу аумағында өскен ағаш саны бүгінде

Сондай-ақ қырғауылдың саны 9 800-ге жетті. Барлық отырғызу материалдары (28 түрі) екі орман тұқымбақтарында өсіріледі: «Ақ қайың» (110 га.) және «Дамса» (69 га.). Олардың барлығы жерсіндірілген өрі ағаш-бұта өсімдіктерінің өсуі біздің қатал климаттық жағдайымызға бейімделген. Жыл сайын орташа есеппен 10 миллионға дейін әртүрлі тұқымды ағаш-бұта көшеті өсіріледі. Елбасының Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуінің орман екпелерін Щучинск-Бурабай курорттық аймағының табиғи екпелерімен қосу жөніндегі тапсырмасына сәйкес мынадай іс-шаралар өткізілді: 2010-2019 жылдар ішінде «Жасыл Аймақ» РМК күшімен Нұр-Сұлтан — Щучинск тас жолының бойында Шортанды ауылына дейінгі учаскеде 22,4 мың гектар жерге 34 млн жуық ағаштар мен бұталар отырғызылды. Ақмола облысының өкімдігі 2012 жылдан бастап Шортанды — Щучинск трассасының бойында 2575 гектар алқапқа көшеттер егілді. Онда 6,3 миллион ағаш-бұта тұқымдас 2 жылдық көшеттердің 11 түрі: қарағай, қайың, шегіршін, үйеңкі, шаған, акация, ырғай, қарақат, мойыл, алма, долана өсіп келеді.

Қуан КӨШІМБАЙ

Алматы облысы – көп ұлт пен ұлыстың басын біріктірген мекен. Мұнда еліміздегі 130 ұлттың өкілі тіршілік етіп, өз арманы мен мақсатын жүзеге асырып жатыр десек қателеспейміз. Осы жолы біз Талғар аудандық Қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы Жұмағыз Бұтабаевамен аудандағы халықтар достығы мен бірлігі жайында әңгімелестік.

Jas qazaq: Жұмағыз ханым, Талғар ауданында түрлі ұлт өкілдерінің береке-бірлікте өмір сүріп жатқанын білеміз. Аудандағы татулық пен тұрақтылықты сақтаудың кілті неде?

Ж.Бұтабаева: Талғар ауданындағы тұрғын саны 200 мыннан асады. Аудандық Қоғамдық келісім кеңесінде ардагерлер, аналар, жастар істері бойынша кеңестердің, шығармашылық одақтар, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, мемлекеттік органдардың өкілдері қатарынан 20 адам бар. Кеңестің негізгі міндеті — азаматтық ұстаным негізінде қоғамдық институттар мен саяси және үкіметтік емес ұйымдарды, баска да бірлестіктерді қазақстандық бірлік пен бірегейлік идеясы төңірегіне топтастыру. Қоғамдық келісім кеңестерінің қызметі жалпыұлттық бірлікті нығайту жолында «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыра отырып, патриотизмге тәрбиелеудің біртұтас жүйесін құру болып табылады. Тұрмыстық, қылмыстық және баска да оқиғалардың дер кезінде себебін анықтап, олардың этносаралық шиеленіс ошақтарына айналып кетпеуі үшін, алдын алу шараларын қабылдайды.

Бүгінде ауданымызда 30-ға жуық этнос өкілдері тұрады. Ауданда грек, ұйғыр, славян, беларус, түрік, кәріс этномәдени орталықтары жұмыс істейді. Олар Тәуелсіздік алған уақыттан бері елімізде тату-тәтті, бір шанырақ астында, өзара татулықта өмір сүріп келеді. Тіпті атамекеніне оралуды да ойламай, балаларын казак мектептеріне беріп, өзара құда болып, дәстүрімізді сақтап, сінісіп кетуде.

Jas qazaq: Талғар ауданындағы көпұлтты халық айтулы мерекелерді қалай атап өтеді, аудандағы жастардың белсенділігі қандай?

Ж.Бұтабаева: Ағымдағы жылдың І-тоқсанында «10 қайырымды көмек» акциясы ұйымдастырылып, 10 отбасыға азық-түлік қайырымдылық көмегі көрсетілді. Белбұлақ округінің ұлттар өкілдері, әкімдік, Қоғамдық келісім кеңесі мүшелерінің қатысуымен «Мен өз еліммен мақтанамын» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Алғыс айту күніне орай, аудандық және округтік әкімдіктерде

сұрақтарына жауап берді. Аталған шара облыстық Жетісу телеарнасында көрсетілді.

Нұра ауылдық округінің Аналар кеңесімен «Ана-медиатор» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шарада аналардың қоғамдағы орны, әйел мәдениеті, отбасы құндылығы жайлы ой өрбіді.



Жұмағыз БҰТАБАЕВА:

ЕЛ ТАТУЛЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Кездесуге округ әкімдігінің қызметкерлері, округ учаскелік полиция қызметкері, аналар, жас отбасылар, аналар кеңесінің төрайымы қатысты.

2020 жылдың 16 наурызында ел аумағында төтенше жағдай жарияланып, карантин

кеңесінің пандемия кезінде атқарған волонтерлік жұмысын үлгі ретінде ерекше атап өтуге болады. Атап айтқанда, еліміздегі төтенше жағдай кезінде Талғар аудандық Қоғамдық келісім кеңесі жалғызбасты аналарға, ардагерлерге және көпбалалы 20 отбасына тұрақты түрде азық-түлік себеттерін апарып, шағын дүкендердің сатушыларына 3000 бетперде және әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасыларға 200 сырт киім таратып, жалғызбасты қарттарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мүмкіндігінше қайырымдылық көмек ұйымдастырып, насихаттау жұмыстарын жүргізді.

Аудан көлемінде барлық өңірдегі Қоғамдық келісім бөлімшелері, мүше өкілдері бір атаның баласындай болып, акцияға атсалысты. Нәтижесінде аудан бойынша өткен акциялардың арқасында біраз баланың оқу құралдары, керек-жарағы, киім-кешектері түгелденді. Ешқандай қайырымдылық қорына иек артпайтын, азаматтық қоғамның парызындай, неше жылдан бері дәстүрге айналған бұл қайырымдылық шаралар бүгінде өз мақсатын толықтай орындай отыр. Демек Қоғамдық келісімге артылған қай міндет болмасын, ауданымыздың біртұтастығына ықпал етіп отыр

деуге болады. Атқарылған іс-шаралардың барлығы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады

Jas qazaq: Қазақстан Халқы ассамблеясының негізгі қағидалары көпұлтты біріктіруге, бірлесіп

халықтар достығын нығайтуға, даулы мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратынын білеміз. Қоғамдық келісім кеңесінің араласуымен қандай мәселелер шешіледі?

Ж.Бұтабаева: Биыл медиацияны ұйымдастыру қағидағары мен рәсімдерін анықтайтын ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін Медиация туралы Заңның қабылданғанына 10 жыл толады.

Аталған Заң азаматтар мен заңды тұлғалардың дауды, оның ішінде тиісті мемлекеттік органдарға жүгінбей шешудің әдісін тандауының құқықтық негізін құрып, медиация рәсімі екі жағына да сәйкес келетін және жанжал деңгейін төмендететін дауды шешу нұсқасына қол жеткізеді.

Медиацияның ерекшелігі — кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін анықтау емес, оның сындарлы шешімін іздеу. Ешкімді олардың дұрыстығына сендірудің қажеті жоқ, өйткені медиация рәсімін бақылаушы тараптар өздері сақтайды. Егер бейтараптылық туралы күмән туындаса, әр тарап кез келген уақытта мұны көрсетіп, рәсімнен бас тарта алады. Медиация — медиатордың (*бейтарап жсақ*) көмегімен екі жақтың қолайлы ортақ шешімге, яғни келісімге келуі. Жалпы мақсаты — мәселені шешудегі шиеленіс деңгейін төмендету, дауласушы жақтарды қанағаттандыратын шешімге қол жеткізу болып табылады.

Азаматтық істерде медиация тәртібі тек қана талап қою ісін жүргізу өндірістерінде қолданылады. Себебі аталған өндірісте талап қоюшы мен жауапкердің арасында туындаған даулар қаралады.

2020 жылдың 12 айында 128 іс талап қою ісін жүргізу өндірісімен аяқталып, соның ішінде 21 іс медиация тәртібімен тоқтамға келді.

Сонымен бірге дау-жанжалды сотқа дейін және соттан тыс реттеуді толық қолдануда



әкім қабылдаулары ұйымдастырылды. Жалпы саны 150 ауданның белсенді азаматтары, көпбалалы аналары, Желтоқсан, Семей, Чернобыль оқиғаларының ардагерлері, этностар өкілдеріне «Алғысым шексіз» тақырыбында қабылдаулар өткізілді. Ауданымыздың белсенді диаспора өкілдері қарттарға азық-түлік қоржынын үлестірді. Алғыс айту күні қарсаңында кәріс және беларус этномәдени бірлестік жетекшілерінің құттықтау мақалалары баспасөзде жарық көрді.

Славян ұлттарының дәстүрлі мерекесі «Масленица» мерекесіне орай, «Элефтерия» грек этномәдени орталығы ең дәмді құймақ байқауын өткізді. Аталған байқауға 30-дан аса жас жеткіншектер қатысты.

«Венеды» славян орталығының жетекшісі Капитолина Суслова орталық мүшелерімен, Наурыз мерекесі қарсаңында 30 отбасыға азық-түлік қайырымдылық көмегін көрсетті.

Наурыз мерекесіне орай, «Наурыз-бата» шарасы Гүлдала округінде ұйымдастырылып, округ ақсақалдары өскелең ұрпақпен кездесті. Кездесу барысында бата беру дәстүрінің маңыздылығы мен мәні жайлы түсінік берілді.

Наурыз мерекесіне орай, ауданымыздың әкімі бастаған құттықтаулар, этномәдени орталық жетекші, мүшелерімен жалғасып, әлеуметтік желіде орналастырылды. Мереке аясында Белбұлақ ауылдық округінің Қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы Шәрбану Нұхаева Наурыз көженің жасалуы туралы онлайн шеберлік сабағын өткізді.

Шежіре күніне орай, Рысқұлов ауылында Алатау Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Матан Бекбосынов өскелең ұрпақпен кездесіп, жеті ата, гендерлік саясат, ұлтжандылық, тарих жайлы ой өрбітіп, тыңдаушылардың

режим енгізілгені мәлім. Қысылтаян шақта тұрғындардың басым бөлігі негізгі табыс көзінен айырылды. Осы орайда 2020-2021 жылдары аудан көлемінде әр өңірінде «Мектепке жол», «Біз біргеміз» акциясы аясында «Көпбалалы аналарды ардақтайық», «Қыз — еліміздің болашағы» сияқты бірнеше қайырымдылық акциялары өткізілді. Аудандық Қоғамдық келісім

қызмет етуді көздейді. Сіздіңше, Ассамблея осы мақсатына жетті ме?

Ж.Бұтабаева: Қазақстан Халқы ассамблеясы — халықтың біртұтастығын сақтауда, елімізде өмір сүріп жатқан барша ұлтты бірлікке шақыруда, бір шанырақ астында тату-тәтті ұйыстыруда, бірегей модель аталған институт. Ол қызметі мен атқарып жатқан жұмысы бір-біріне ұқсамайтын, алайда қоғамымыз

үшін аса маңызды көптеген кеңестер мен орталықтарды, этномәдени бірлестіктерді біріктіріп отыр. Қазақстан өз егемендігіне қол жеткізгеннен кейін, өмірлік маңызы бар этносаралық қатынастарды реттеу мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Дегенмен өз салт-дәстүрі, тарихымен ерекшеленген елімізге этносаралық қатынастардың түрлі модельдерінің ешқайсысы сәйкес келмеді. Соның нәтижесінде Қазақстан өзіне ғана тән этносаралық қатынастардың дара үлгісін — қазақстандық моделді қалыптастыруға тиіс еді.

Қазақстан Халқы ассамблеясының бүгінгі жетістіктері — оның құрылуындағы алға қойған мақсаттарымен тікелей байланысты. Ассамблеяның басты мақсаты — еліміздегі барлық этностардың рухани тұрғыда қолдау.

Jas qazaq: Қоғамдық келісім кеңесі аудандағы

ынтымақтасу және татуластыру рәсімдерін насихаттауда Талғар ауданында «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында «Татуласу» орталығы ашылды.

Татуластыру жұмыстарының арқасында ауданда бірнеше отбасының шанырағы шайқалмағанын айту керек. Билер кеңесінің төрағасы пен Билер кеңесінің мүшесі, отбасылық психолог Ақмарал Ақпаржанқызы, кәсіпқой емес медиаторлар М.Ордабаева, К.Суслова кәсіптік қасиеттері мен дағдылары, шешендік және даналық өнері арқылы тараптарды татуластырған.

«Сот жүйесінің жеті түйіні» бағдарламасы бағыттарының бірі — «Татуласу: сотқа дейін, сотта» бағдарламасын іске асыру мақсатында сотқа дейін және соттан тыс татуластыру рәсімдері бойынша Билер кеңесі мүшелерінің, медиаторлардың және отбасылық психологтардың рөлі азаматтардың арасындағы дауларды (*жанжалдарды*) бейбітшілік жолдарымен шешуге үлкен үлес қосуда. Оның ішінде медиатор Гүлжан Меденееваның еңбегі зор.

Jas qazaq: Еліміздің ел бірлігін сақтау үшін жүргізіп отырған саясатына қандай баға бересіз? Достық пен татулықты әрмен қарай нығайту үшін тағы қандай шараларды ұсынар едіңіз?

Ж.Бұтабаева: Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім — бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Еліміздің татулығы — басты құндылығымыз. Осыған орай, саяси үрдістерді саралап, бірлігімізді нығайта түсу үшін сабырлылық сақтауымыз керек.

Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз қажет. Біздің ұстанымымыз: «Ел бірлігі — оның әралуандығында!».

Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай беруіміз керек.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келе жатқанын көріп отырмыз. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз данғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,

Алматы облысы



Сұхбат

Биыл ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тойланбақшы. Осыған орай, тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктер туралы, оның ішінде білім мен ғылым саласындағы оң өзгерістер мен қолға алынар қомақты істер жайлы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, жоғары білім сапасы және ғылым бойынша халықаралық сарапшы Кәрімбек Арыстанбекұлы Құрманәлиевпен әңгімелескен едік.

Jas qazaq: Кәрімбек аға, алғашқы сұрақты өткен кезді еске алудан бастасaq. Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 30 жыл. Айтулы мереке! Өзіңіз қасиетті, кастерлі Тәуелсіздікті сонау 1991 жылы қалай қабылдап, қалай қарсы алып едіңіз?

К.Құрманәлиев: Иә, шынында да, талай ғасыр ата-бабаларымыз ансаған, бүгінгі ұрпақтың бағына қарай, қол жеткізген тәуелсіздіктің еліміз үшін мәні өте зор. 1991 жылы 16 желтоқсанда ел егемендігін жариялаған тұста барша халық сынды менің де қуанышымда шек болған жоқ. Ол кез кзгіргідей көз алдымда. Аспирант ретінде ғылыми сапармен Ресейдің Омбы өңірінде болып, сол жактан оралған бетім еді. Батыс Сібірді мекендеген казактардың жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты материал жинау үшін экспедицияда болған едім. Көзіме жас алып тұрып қуанғанымның бір сыры — енді азат ел болдық, елдің даму стратегиясын Мәскеуге жалтақтамай, өзіміз айқындайтын шақ туды деген көкіректі кернеген мақтаныш сезім еді. 1992 жылдан бастап Қазақстанның дербес мемлекет ретінде халықаралық саяси аренаға шығуы, ең бастысы, Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшелігіне қабылдануы еліміз үшін үлкен жаңалық болғаны жасырын емес. Дербес ел екендігін әйгілейтін өзінің елтаңбасы, туы, әнұраны, ұлттық валютасы мен мемлекеттік тілі бар мемлекеттің азаматы болудан артық адамда кандай арман болуы мүмкін?! Міне, мен тәуелсіздікті осындай эмоцияға берілген, ертенгі күніне сенімі мол азмат ретінде қабылдадым.

Jas qazaq: Есiнiзде қалған тәуелсiздiк мерекесiне сәйкес атқарылған бiр елеулi шараға тоқталып кетсеңiз...

айқындайтын білім және ғылым саласындағы атқарылар іс-шараларды құқықтық негізде айқындайтын, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заң қабылдау міндеті алдыңғы қатарға шықты. Міне, осындай мақсат-міндетті арқалаған 1992 жылы «Ғылым туралы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты» туралы заң өмірге келді. Тәуелсіз елдің тұңғыш ғылыми құжатында елімізде ғылыми-техникалық саясат пен ғылымды бастауды жанаша қалыптастырудың негізгі принциптері қаланды. Әлемдік білім, ғылым кеңістіктерімен ықпалдасу барысында ғылыми заңымызға әлі де көп өзгерістер мен толықтырулар керек болды. Соның нәтижесінде 1999 жылы үкімет жанынан жоғары ғылыми-техникалық кеңесі құрылып, мемлекеттің ғылым саласындағы басым бағыттарын айқындайтын орган ретінде анықталды. Қазақстан дербес ел ретінде еліміздің ғылыми әлеуетін арттыратын отандық ғылымның ұзақ мерзімдік стратегиясына сәйкес атқаратын ұшан-теңіз қомақты ел экономикасын өркендететін ғылыми басым бағыттарды бағамдайтын, іргелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін ғылыми құжат 2011 жылғы қабылданған «Ғылым туралы» сондай көрініс тапқанын астын сызып айтқым келеді. Ғылыми-зерттеу институттары және

еңбек етіп жатқаны көңіл қуантады. Біздің ойымызша, «Болашақ» түлектерінің әлеуетін әлі толыққанды пайдаланып отырмыз деп айта алмаймыз. Сондықтан, олардың әлеуметтік мәселелерін шеше отырып (*оның ішінде еңбек ақысы мәселесі бар*), Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бағдарламаларына сәйкес өңірлердің экономикалық-әлеуметтік әлеуетін көтеруге жұмылдыруымыз керек. Реті келгенде, Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Нұрлан Дулатбековтың елу шақты «болашақтықтардың» арасынан он бес «Болашақ» стипендиясының иегерін



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ:

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТАБЫСЫ

1992 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ АРЕНАҒА ШЫҒУЫ, ЕҢ БАСТЫСЫ, БІРІККЕН ҰЛТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАНУЫ ЕЛІМІЗ ҮШІН ҮЛКЕН ЖАҢАЛЫҚ БОЛҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ДЕРБЕС ЕЛ ЕКЕНДІГІН ӘЙГІЛЕЙТІН ӨЗІНІҢ ЕЛТАҢБАСЫ, ТУЫ, ӘНҰРАНЫ, ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ БАР МЕМЛЕКЕТТІҢ АЗАМАТЫ БОЛУДАН АРТЫҚ АДАМДА ҚАНДАЙ АРМАН БОЛУЫ МҮМКІН?! МІНЕ, МЕН ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ОСЫНДАЙ ЭМОЦИЯҒА БЕРІЛГЕН, ЕРТЕҢГІ КҮНІНЕ СЕНІМІ МОЛ АЗМАТ РЕТІНДЕ ҚАБЫЛДАДЫМ.

К.Құрманәлиев: Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап білім мен ғылым ел дамуының басым бағыттары болып айқындалғаны — білім мен ғылымның өз өкілі ретінде, менің де ертенгі күнге деген сенімдімі молайтқаны рас. Тәуелсіздігіміздің он бес жылдығы тойланар тұста Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Елордада әлемдік талаптарға сай келетін «Жаңа Астана» университетін ашу жөнінде бастама көтергені есімнен әлі кетпейді. Ол кезде мен білім министрлігі Жоғары білім беру департаментінің басшысы едім. Сол кездегі білім министрі Бірғаным Әйтімованың жетекшілігімен «Астананың жаңа университеті» атты Президенттің ел келешегін ойлаған айтулы жобасын іске асыруға кірісіп кеттік. Жаңа ашылатын жоғары оқу орнының стратегиясын, миссиясы мен инфрақұрылымдары және білім бағдарламалары, болашақ әріптес әлемдік университеттер тізімін түзу сияқты іс-шараларды іске асыруға кірісіп кеттік. Осыдан 15 жыл бұрын Елбасының бастамасымен ашылған университет бүгінгі күні «Назарбаев университеті» деп аталатыны елге белгілі. Университет тарихына көз жіберсек, елдің индустриалдық-инновациялық даму мақсаттарын шешуде білім, ғылым және өндірістің өзара байланысын мықтап қамтамасыз еткен оқу орны бұл күндері медициналық кластер құрған, энергетикалық зерттеулер орталығына айналған зертханалық базасы мен конструкторлық бюросы әлемнің білім-ғылым талаптарына сай келетін жетекші ғылыми орталықтармен бірлесе әзірлеме дайындайтын, еліміздің басты ғылыми ордасына айналғанын көріп отырмыз. Қазақстанның білім мен ғылым жүйесін қарқынды дамыту және халықаралық деңгейге шығуды қамтамасыз етіп отырған университет те Тәуелсіздігіміздің айшықты көрсеткіші екенін айтқанымыз абзал.

Jas qazaq: Ғылыми орталық деп қалдыңыз, ғылым саласында осы уақыт аралығында қандай оң өзгерістерге қол жеткіздік және ғылымды дамыту бойынша қандай заңнамалық актілер жетілдірілді?

К.Құрманәлиев: Кеңес одағы ыдырап, еліміз Тәуелсіздігін жариялаған сол бір өткен ғасырдың 90-жылдары басында еліміздің ертенін

жоғары оқу орындарынан түскен өтінімдермен қатар, жеке тұлғалардың да өтінім беру құқығының пайда болуы, яғни ғалымдардың жеке тұлға ретінде конкурсқа қатыса алу құқығына ие болуы ғылыми ортада жаңа заңның жағымды жаңалығы ретінде бағаланды. Ғылыми еңбектерді сарапқа салып, еліміздің дамуына аса қажет ғылыми жобаларды тандау құқығы республикаға белгілі көрнекті ғалымдардан құралған ұлттық ғылыми кеңесте қаралып,

конкурстық негізде қызметке қабылдап, ғылым, білім үдерісінде шетелден алған білімдерін жан-жақты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызғанын және оларға жоғары жалақы мен миллион теңгелік сертификат тапсырылғанын тілге тиек еткім келеді. Өзге өңірлер де академиктің бастамасын жалғап кетсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Jas qazaq: Әңгімеміз университеттік білімге ауысқан сияқты. Енді сол жоғары



НЕГІЗГІ МАҚСАТ – ӘРБІР ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН БІТІРУШІЛЕР ОНЫ ҚАЙ ЕЛДЕ ОҚЫҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН, ӘЛЕМНІҢ БІЛІМ НАРЫҒЫНДА ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫНА САЙ КЕЛЕТІН МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ. Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ «БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДЫ ЕКІНШІ ОРЫНҒА ҚОЙҒАН МЕМЛЕКЕТ, ЕШҚАШАН ЕШБІР САЛАДА БІРІНШІ ОРЫНҒА КӨТЕРІЛЕ АЛМАЙДЫ» ДЕГЕН ҚАНАТТЫ СӨЗІН ҚАПЕРГЕ АЛҒАН САЛА МАМАНДАРЫ ЕЛДІҢ БІЛІМІ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА МҮМКІН БОЛҒАНЫН АЙТАДЫ. МІНЕ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ӨЗІНДІК БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІН ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКПЕН ЫҚПАЛДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМГЕ БЕЛГІЛІ ЕЛГЕ АЙНАЛЫП ОТЫР...

оқу орындарындағы он жаңалықтармен де жалғастыра отырсаңыз.

К.Құрманәлиев: Иә, жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз ету саласында да бірталай өзгерістер бар. Жоғары оқу орындары халықаралық талаптарға жауап

ҚАЗІР «БОЛАШАҚ» СТИПЕНДИЯСЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАГИСТРЛІК ЖӘНЕ ДОКТОРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ ЕЛІМІЗГЕ ЕҢ КЕРЕКТІ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛІП ОТЫРҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ЭКОНОМИКАМЫЗДЫҢ САН-САЛАСЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖАТҚАН, ӘСІРЕСЕ, БІЛІМ БЕРУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, МӘДЕНИЕТ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНИКА САЛАЛАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖҮЗДЕГЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ ДЕ «БОЛАШАҚТЫҚТАР» ЕКЕНІН МАҚТАНЫШ СЕЗІММЕН АЙТУҒА БОЛАДЫ.

бере алатын сапалы білім беру қажеттігін мықтап түсінген сынайлы. Қазақстандық жетекші жоғары оқу орындарын ғылыми-зерттеу университеттеріне трансформациялау мәселесі жүзеге асуда. Бұл, әрине, әлемдік үрдісте қалыптасқан жағдай. Тек бізде ғана бүгінге дейін университеттердің негізгі міндеті ретінде сапалы білім беру ғана басымдыққа ие болып келеді. Ұлттық университеттердің жанынан жаңа тұрпаттағы әлемдік деңгейдегі алпауыт білім ордаларымен теңесе алатын ғылыми-зерттеу институттарын ашу бүгінгі күннің талабы десек артық болмайды. Оған бөлінетін қаражат та, ғылыми әлеует те жеткілікті. Соның айғағындай, Қаныш Сәтбаев атындағы университет — ұлттық

техникалық зерттеу университетіне, Қазақ аграрлық университеті — Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне айналғанын көпшілік жақсы біледі. Ендігі кезекте, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті мен Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті зерттеу университетіне айналады деп жоспарлануда.

Реті келгенде айта кетейік, әлем университеттері рейтингі жүйесінде отандық университеттердің де TOP-200 жоғары оқу орындары қатарынан көрінуі Тәуелсіздік жылдары білім, ғылым саласында қол жеткізілген орасан жетістік деп бағалауға әбден болады.

Jas qazaq: Қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық университеттер қатарында түрлі аккредиттеу бойынша болсын немесе рейтингілерде орындар анықтауда аттары аталуына еліміздің білім жүйесінің Болон процесіне қатысуымен де байланыстыруға болатын шығар?

К.Құрманәлиев: Иә, солай десек те болады. Қазақстан Болон процесіне үн қосып, ТМД елдерінің арасында ең алғашқы болып, үш сатылы білім беру жүйесіне көшкені белгілі. Еліміз әлемдік білім-ғылым кеңістігіне еркін ену үшін ғаламдық тенденцияларға да оң қабақ танытып келеді. Болон процесі көптеген талаптарға сай болуды қажет етеді. Біріншіден, мобилді студенттер қалыптастыруды қажет етеді. Ол дегеніміз — студенттеріміз өз елінде де, өзге елдерде де білім алып, әлемнің әр түпкірінде жұмыс істей алу мүмкіндігін туғызу. Студенттеріміз халықаралық деңгейде сапалы білім алуға мүдделі болу керек деген сөз.

Екіншіден, әр бағыттағы дайындау мамандықтарының оқу бағдарламаларын бір ыңғайландыру. Оқытушылардың ортақ сапаға, ортақ жоғары білім беру жүйесіне ауысу қажеттілігін қамтамасыз ету. Болон процесі бакалавриат-магистратура-PhD докторантурадан тұратын үш сатыны құрайды. Осындай бағытта білім беру жүйесі бірізді университеттің сапасы бәсекеге қабылетті болады деп айта аламыз. Негізгі мақсат — әрбір жоғары оқу орнын бітірушілер оны қай елде оқығанына қарамастан, әлемнің білім нарығында жұмыс берушілердің талаптарына сай келетін мамандар дайындау. Н.Назарбаевтың «Білім мен ғылымды екінші орынға қойған мемлекет, ешқашан ешбір салада бірінші орынға көтеріле алмайды» деген қанатты сөзін қаперге алған сала мамандары елдің білімі мен ғылымының дамуы — тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болғанын айтады. Міне, тәуелсіздік жылдары өзіндік білім-ғылым жүйесін әлемдік кеңістікпен ықпалдастыру арқылы жеткен жетістіктерінің негізінде Қазақстан әлемге белгілі елге айналып отыр...

Президенттің жоғары оқу орындарын жан-жақты нығайту мақсатында 15 базалық өңірлік жоғары оқу орындарын жаңғырту туралы тапсырмасы — Елбасының «Өңірді өркендету — елді өркендету» тұжырымы деп түсінген дұрыс. Енді үкімет те жоғары оқу орындарына бөлінетін мемлекеттік гранттар өңірлердің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарына сәйкес тағайындауын жіті қадағалауы керек. Әлемдік жүйеде орнықты орнын алған, мамандандырылған жоғары оқу орындарында нақты бағыттарға бағдарланған оқу бағдарламалары бойынша маман дайындауға қол жеткізсек, әрі ол жұмыс берушілердің сұранысын қамтамасыз етіп, түлектердің мақтаулы мекемелерде қызмет етуіне мүмкіндік тудыратын болсақ, сапалы жоғары білім салтанат құрар күн де алыс емес.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Бұл мерейтой егеменді мемлекеттің дамуындағы кезекті кезеңді бейнелеп қана қоймай, қорытынды шығаруға және елдің жасампаз қозғалысында әрмен қарайғы міндеттерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен даму тарихында, еліміздің қорғаныс қабілетін қалыптастыру мен нығайтуда еліміздің

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР – ЕЛ АЙБЫНЫ



Бұл оқиға әскери-ғылыми кадрларды даярлау жүйесін дамытуға және жетілдіруге жаңа серпін берді. 2014 жылы докторанттардың бірінші шығарылымы өтті. Сол жылдың наурыз айында университет жанында диссертациялық кеңес құрылды. Оның құрамына тек қана казакстандық ғалымдар кірді. Осылайша, елдің әскери білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы жылдарында



ақпараттық қауіпсіздік және басқа да бағыттар саласындағы сарапшылар шақырылды. Олар – Ресей, АҚШ, Иран, Жапония, Канада, Литва, Қытай, Оңтүстік Корея, Үндістан, Франция, Италия, Пәкістан сияқты елдерден, сондай-ақ еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының мамандары. Университетті шетелде тану мақсатында халықаралық ынтымақтастық кеңеюде. Оның аясында 40-тан астам меморандумдар мен келісімдер жасалды. Әскери және ғылыми кадрларды даярлау сапасы ғана емес, олардың саны да артуда. Соңғы үш жылда магистранттар саны екі есе, докторанттар саны

үш есе көбейді. Университеттің негізгі даму бағыттарының бірі – ғылыми-зерттеулер мен әзірлемелердің негізі болып табылатын ғылыми-эксперименттік базаны кеңейту болып табылады. Теориясы мен практикасы әскери өнерді дамытудың қазіргі заманғы трендтері тұрғысынан дамуда және ҚР ҚК дамыту тұжырымдамасымен үйлесуде. Оқу бағдарламасы жоғары білікті әскери-ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жаңғыртуға, әскери ғылым мен инновацияларды дамытуға, университеттің ғылыми-білім беру процесін жан-жақты қамтамасыз етуді жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ жас ғалымдардың академиялық, ғылыми немесе басқа салада мансапты одан әрі дамыту үшін қажетті құзыреттерін дамыту мақсатында болашақта қосымша білім берудің заманауи нысаны-постдокторантура енгізу жоспарлануда. Жалпы қабылданған шаралар Ұлттық қорғаныс университетін дамытудың стратегиялық мақсатына қол жеткізуге серпін береді. Ол жаңа білім генераторы ретінде Ұлттық зерттеу университеті мәртебесін алуға мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30



ұш деңгейлі Болон жүйесі бойынша жұмыс істеу үшін негіз қаланды: бакалавриат (әскери институттар), магистратура, докторантура (Ұлттық қорғаныс университеті).

Бүгінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті жаңа үлгідегі әскери оқу орны. Әскери білім беру және зияткерлік әскери элитаны даярлау саласына инновациялар енгізу саласындағы көшбасшы, Орталық Азия өңірінің ірі әскери жоғары оқу орны, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының барлық әскери оқу орындары үшін ведомствоаралық оқу-әдістемелік және ғылыми орталық болып табылады.

Магистранттар мен докторанттар, профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер қатарынан ҚК және ҰҚШҰ ҰЖДК ауқымында желел және жауынгерлік дайындық іс-шараларын талдау үшін зерттеу топтары құрылды. Олар 50-ден астам оқу-жаттығуға қатысты, олардың ішіндегі ең ірілері: «Айбалта», «Өзара іс-қимыл», «Орталық», «Қаратау», «Іздеу», «Алдаспан», «Кобальт», «Гонг» және т.б.

Магистранттар мен докторанттарды үздік әлемдік тәжірибеге жірету үшін университет шетелден жетекші мамандар мен сарапшыларды шақырды.

Соңғы үш жылда 2500-ден астам шетелдік сарапшылардың қатысуымен әртүрлі деңгейдегі 300-ден астам халықаралық іс-шара өткізілді. Дәріс оқуға әскери өнер, стратегия, геосаясат,



оқу-әдістемелік және ғылыми орталыққа дейінгі жолдан өтті. Сонымен қатар Қазақстанның Қарулы Күштерінде әскер қажеттілігіне байланысты постдокторантура енгізу және мамандықтар спектрін кеңейту перспективасымен орта білімнен кәсіптік-техникалық білімге дейін, жоғары білімнен жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін әскери-ғылыми кадрлар даярлаудың толық циклы қалыптасты.

Сұлтан КАМАЛЕТДИНОВ,
генерал-лейтенант
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті
— Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс
университетінің
бастығы



(Басы 1-бетте)



Құрметтің бастамасы

Құрмет алдағы қысқа аландайтынның жасырмады. Ол: «Қазақстанның батысын шөппен қазір қамтамасыз етпесек, қыста мал қырылады. Қыста тіпті батыста ғана



емес, оңтүстікте де, Қызылорда мен Аралда да мал қырылады. Келесі жылы шөп те қымбаттайды. Күз бен қыс келмей тұрып, шөп әзірлеуіміз керек. Әр облыстан 10-15 вагоннан жіберсек,



жақсы болар еді. Қазір Түркістан мен Шымкентте Қазығұртқа, Қаратауға және Созаққа барар жолдағы шөпті шауып жатырмыз. Сосын Шығыс Қазақстан мен Солтүстік Қазақстан



облысына барамыз», — деп өз жоспарымен бөлісті.

Біз оған сәттілік тіледік. Осындай жалынды жастармен кез келген қиындықты енсеруге болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

**Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

**Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

**Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2271;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқолының ұшақтарында бар.*

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесі көшіріп басуға болмайды.